



Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев бейресми кездесу өткізгі

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ АЛМАТЫДАҒЫ РЕЗИДЕНЦИЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТТЕРІНІҢ БЕЙРЕСМИ КЕЗДЕСУІ ӨТТІ.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманның Алматыға сапармен келгеніне ризашылық білдіріп, мұндай бейресми кездесулер жақсы дәстүрге айналғанын айтты.

– Бұл – бауырлас, достас мемлекеттер арасындағы ынтымақтастықты дамыту мақсатында атқарылып жатқан жұмысты іскерлік сипатта тағы бір талқылауға орайлы сәт. Біз – одақтас елдерміз. Екі ел арасындағы ықпалдастық тұтас Орталық Азия өңіріндегі жағдайға тікелей әсер етеді, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы бауырлас халықтарды жақындастыруға, аймақтың орнықты және қауіпсіз дамуындағы ортақ мақсаттарды ілгерілетуге Шавкат Мирзиёевтің зор үлес қосқанын атап өтті.

– Қазақстандықтар Сізді жақсы таниды және аса құрметтейді. Сіздің мықты әрі абыройлы көшбасшылығыңыздың арқасында Өзбекстан қарқынды дамып келеді. Өткен жылы өзбек экономикасының өсімі 6 пайыздан асқанын білеміз. Экономиканың барлық секторындағы мақсатты көрсеткіштер жоспарға сай атқарылып жатыр. Өзбекстан неғұрлым табысты дамыған сайын, біздің елдеріміз арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық та соғұрлым сапалы болады. Сондықтан бүгінгі кездесуде нақты мәселелер бойынша пікір алмасамыз деп ойлаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз кезегінде Өзбекстан Президенті екіжақты байланыстарды нығайтуды көздейтін бүгінгі кездесудің маңызына тоқталды.

– Мені өзіңіздің туған жеріңіз, атап айтқанда, Алматы қаласында достық пейілмен, екі халықтың дәстүріне сай ілтипатпен қарсы алып жатқаныңызға рақмет. Өзімнің және халқымның атынан ризашылығымды білдіремін. Соңғы жылдары қарым-қатынасымыз мүлдем жаңа деңгейге көтерілді. Біз – одақтаспыз. Өзара сыйластығымыздың арқасында көптеген мәселе шешімін тауып келеді, екеуара уағдаластықтардың барлығы іске асырылып жатыр. Нақты нәтижелер бар. Сізді Қазақстанның зор табыстарға жетуімен құттықтаймын. Экономикаларыңыз дамып келеді, жетістіктеріңіз жоғары. Бірінші тоқсанды 5,4 пайызбен қорытындылап отырсыздар. Бүгінгі кездесуіміздің сипаты ресми болмаса да, мен үлкен құраммен келдім. Дегенмен әрбір осындай бейресми жүздесулер біздің байланыстарымызға, барлық келісімдеріміздің орындалуына тың серпін береді, – деді Шавкат Мирзиёев.

Тараптар саяси, сауда-экономикалық, көлік-логистикалық, инвестициялық, энергетикалық, су шаруашылығы, өнеркәсіп кооперациясы және туризм салаларындағы өзара ықпалдастықтың перспективасын жан-жақты талқылады. Мәдени-гуманитарлық байланыстарды дамытуға ерекше назар аударылды.

Сонымен қатар өңірлік және халықаралық күн тәртібінің өзекті мәселелері қарастырылды.

Кездесу соңында президенттер қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігін одан әрі тереңдетуге бейіл екенін растады.

Нұрғиса Тілендиевтің ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, еске алу шарасы өткізілді

Талдықорғанда қазақ музыкасының сайыпқыраны, әйгілі күйші, композитор, дирижер Нұрғиса Тілендиевтің 100 жылдығына арналған еске алу шарасы өтті. Н. Тілендиев атындағы музыка мектебінің алдында өнер саңлағының ескерткішіне гүл шоқтары қойылып, оның музыкалық шығармалары орындалды, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Еске алу шарасына қатысқан облыс әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов көпшілікті мерейтоймен құттықтап, ЮНЕСКО 2025 жылды Нұрғиса Тілендиев жылы деп жариялағанын, сондықтан бұл мерейтойдың дүниежүзілік мәнге ие болғанын атап өтті.

орындады.

Еске алу шарасына қатысқан оқушылардың бірі Сымбат Жұмабайқызы музыка мектебінің домбыра класында оқиды.

– Биыл Нұрғиса атамыздың туғанына 100 жыл толды. Осыған орай еске алу



– Талдықорғандағы Н.Тілендиев атындағы балалар музыка мектебінің ауласында, ескерткіш алдында мәдениет мейталманының рухына бас иіп, ғасырлық тойын бастауымыздың өзінде үлкен мән жатыр. Осы мектептің жас өрендері ұрпақтар сабақтастығын үзбей, Нұрғиса аталарының жолын жаңа заманға сай лайықты жалғайды деп сенеміз. Облыс орталығынан басталған мерейтойлық осындай тағылымды іс-шаралар өңірдің барлық аудан-қалаларында жыл бойы жалғасады, – деді Д. Есдәулетов.

Ескерткіштің маңында Талдықорған балалар көркем сурет мектебі оқушыларының сурет салу пленәрі ұйымдастырылып, жас суретшілер дәулескер күйші-композитордың бейнесін қағаз бетіне түсірді. Сонымен қатар Жетісу облысының Дәнеш Рақышев атындағы филармониясының «Жетісу виртуозы» ансамблі шағын концерт қойып, Н.Тілендиевтің шығармаларын

шарасына арнайы қатысып отырмыз. Қазір осы музыка мектебінің 4 сыныбында оқимын. Домбыраны кішкентайымнан жақсы көрдім, арнайы мектепке дейін де аздап домбыра тартатын едім. Енді кәсіби түрде меңгеріп жатырмын. Мен Нұрғиса Тілендиевтің «Ата толғауы», «Әлқисса», «Көш керуені» сияқты күйлерін тарта аламын. Оның күйлерінде нәзіктік те, арындылық та бар және астарында үлкен мағына тұнып жатыр. Біз күйді сезініп тарту үшін күйдің мән-мазмұнын түсінуді де үйрендік – дейді С.Жұмабайқызы.

Сол күні Б.Римова атындағы драма театрында Дәнеш Рақышев атындағы филармонияның Мұқан Төлебаев атындағы қазақ халық аспаптары оркестрі жүз жылдық мерейтойға орай «Өз елім» атты концертті көрермендер назарына ұсынды.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНА — ҮШ ЖЫЛ: газландырылған елді мекендер саны 5-тен 63-ке жетті

Облыс құрылғанға дейін Жетісу өңірінде небары тек 5 елді мекен газдандырылған болса, соңғы үш жыл ішінде тағы 58 елді мекенге табиғи газ жеткізілді. Сөйтіп облыста бүгінгі күні 63 елді мекенге газ тартылды, соның 30-ы өткен жылы көгілдір отынға қол жеткізді, – деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Жалпы, газдандыру – Президенттің тапсырмасына сәйкес облыс басшылығы ерекше мән беріп отырған басым бағыттардың бірі. Соған сәйкес соңғы үш жыл ішінде газдандыру деңгейі 27%-ға артып, 56,5%-ға жетті.

Ал 2025 жылдың соңына дейін өңірде газдандыру деңгейі 71,4% болып, Панфилов ауданын қоса алғанда, Кербұлақ ауданынан Талдықорғанға дейінгі 500 мыңнан астам халқы бар 126 елді мекен газға қол жеткізе алады.

Тұрғындардың айтуынша, көгілдір отынның келуімен бірге ауылдағы тұрмыс та жайлы бола түскен.

Сонымен қатар 2024 жылдың тамыз айында «Талдықорған-Үшарал» магистралды газ құбырының құрылысы басталды. Бұл жобаны іске асырудың нәтижесінде Алакөл, Ақсу, Сарқан аудандарының 66 елді мекені газбен қамтамасыз етілмек.

Сондай-ақ алдағы уақытта облысты табиғи газбен қосымша қамтамасыз ету үшін «Алматы – Талдықорған» лупингісінің (екінші тармағы) құрылысын салуға қатысты дайындық жүргізілуде.

Атап өтсек, газдандыру ісі барысында 1800-дей тұрақты және уақытша жұмыс орындары ашылды.

Газ қостыру құнына тоқталсақ, облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес қабылданған шаралардың арқасында бәсекелестік ортаны дамыту арқылы газ қостыру құнын қазандық пен қажетті жиынтықтарды қоспағанда 170-175 мың теңгеге дейін төмендетуге мүмкіндік

туды (газ құбырының ұзындығы 25 метрге дейін). Сонымен бірге бір жарым жылдың ішінде 1600 газ қазандығын сатып алуға 500 миллион теңге бөлінді, тұрғындарға қазандықтың төлемін 10 айға дейін бөліп төлеуге жеңілдікті жағдай жасалып отыр.

Жалпы, 2029 жылға қарай Жетісу облысында газдандыруға жататын 192 елді мекенге толықтай газ тартылады. Соның арқасында 624 мыңнан астам тұрғын немесе өңір халқының 91%-ы көгілдір отынға қол жеткізе алады.

Осылайша жетісулықтардың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған газдандыру жұмысы әкімдік тарапынан алдағы уақытта да жалғасады.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

Талдықорғанда автоклавты қатайтатын газбетонды блоктар өндірісі қолға алынады, сол сияқты өнеркәсіп аккумуляторларын шығаратын жаңа зауыт іске қосылады. Бұл жобалар жеке инвестициялар есебінен жүзеге асырылады. Қала кәсіпорындарын аралауы кезінде облыс әкімі Бейбіт Исабаев осы және басқа да нысандардың құрылысы мен іске қосудан кейін жұмыстарының барысымен танысты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аралау барысында алдымен «Қайнар-АКБ» ЖШС өнеркәсіптік аккумуляторлар шығаратын жаңа зауытта болды. Қазіргі кезде кәсіпорында жабдықтарды монтаждау жүргізілуде, мұнан кейін іске қосу жұмыстары басталады. Кәсіпорынды биылғы II тоқсанының ортасында іске қосу жоспарланса, ал толық қуатына келесі жылы шығады деп межеленіп отыр.

Кәсіпорынның бас директоры Ербол Әжмағамбетовтың айтуынша, бірінші кезең іске қосылғаннан кейін зауыттың қуаттылығы жылына 100 мың өнеркәсіптік аккумулятор шығаруға жетеді. Қазір 150 тұрақты жұмыс орны құрылған, келешекте жұмыс орындарының санын 300-ге дейін ұлғайтпақ. Бүгінгі күні 10 млрд. теңге инвестиция тартылды және кәсіпкер мұнымен шектеліп қалмайтынын айтады. Кәсіпорын экспортқа бағдарланған. Сондықтан өнімдер тек отандық нарыққа ғана емес, Өзбекстан, Түрікменстан, Қырғыз, Әзірбайжан, Ресейге де жеткізілмекші. Толық қуатына шыққан кезде зауытта жылына 200 мыңнан астам өнеркәсіп аккумуляторы өндіріледі.

Жақын арада облыс орталығында тағы бір жаңа зауыт жұмысын бастайды. Бұл - «Талдықорған» индустриялық аймағының аумағында автоклавты қатайтатын газбетон блоктарын шығаратын кәсіпорын.

Жетісу облысында жаңа зауыттар жұмыс істей бастайды



Өндірістік қуаты – жылына 150 мың м3. Мамырдың аяғы мен маусымның басында іске қосылады деп жоспарланған.

- Қараусыз қалған ғимаратты өз жеке қаражатымызға сатып алып, тиісті реконструкция жүргіздік, қазір қажетті жабдықтар орнатылуда. Өңірде кірпіштің осы түрлерін өндіретін кәсіпорын жоқ. Біз жергілікті шикізатты қолданамыз. Негізінен дайын өнімді облыс аумағында сатамыз деп жоспарлап отырмыз. Зауыт ғимаратынан басқа кеңсеміз, қызметкерлерге арналған асханасы бар жатақханамыз бар. Қазір 30 адам жұмыс істейді. Зауыт іске қосылғаннан кейін жұмыс орындарының саны 70-ке дейін ұлғайтамыз. Жалақыға келсек, кәсіпорында жұмысшылар айына 300-350 мың теңге, ал бас энергетик 1 млн. теңгеге дейін жалақы алады. Жалпы, бұл жобаға

өз қаражатымыздан шамамен 3 млрд. теңге инвестиция салдық. Болашақта мемлекет тарапынан қолдау болса, құрылысқа қажетті құрғақ қоспалар мен эмульсия шығаратын зауыт ашу жоспары бар. Өнім түрлері нарық талаптарына байланысты болады, - деді өндірісті дамытудың жоспарларымен таныстырған «Стальбетон» ЖШС коммерциялық директоры Динара Орынбасар.

Облыс әкімі атап өткендей, мемлекет тарапынан тиісті көмек ретінде зауыт ғимаратына дейін инженерлік инфрақұрылымды жүргізу мәселесінде қолдау көрсетілетін болады. Сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларының бірін, соның ішінде жеңілдетілген несиелеуді пайдалану мүмкіндігі бар.

Бейбіт Исабаев кәсіпорындарды аралау барысында электр қуаты 84 МВт және

жылу қуаты 59 Гкал/сағ болатын «Баскуат» қазандығы базасында бу-газ станциясын салу жобасының іске асырылуымен танысты. Бұл стратегиялық маңызды жоба Талдықорған қаласы тұрақты өсіп келе жатқандықтан, қаладағы жылу мен электр энергияларын толықтыруға бағытталған. Мысалы, биылдың өзінде қалада көпқабатты 27 үй салынады.

«Баскуат Энергопром» ЖШС бас директоры Арман Отарбаевтың айтуынша, жоба бірнеше кезеңде жүзеге асырылады. Бірінші кезең 35 МВт электр қуатына және 26 Гкал/сағ жылу қуатына есептелген. Бұл ретте II кезеңді 2027 жылдың қаңтар айының басында аяқтау жоспарланып отыр. Сондай-ақ газбен жабдықтауға және «Баскуат» қазандығының жылу желілеріне қосылуға техникалық шарттар берілді. Жылу трассасын төсеу жұмыстары бір айдан кейін басталып, қараша айының басында аяқталады.

— Біздің басты міндетіміз - жылу мен электр энергиясын толықтыра отырып, «Баскуат» қазандығының жүктемесін азайту. Сөйтіп облыс орталығындағы жылумен жабдықтау жүйесінің беріктігін қамтамасыз етеміз. Жоба біздің компанияның жеке инвестициясы есебінен жүргізіліп жатыр, - деді А.Отарбаев.

Айта кетейік, бүгінгі таңда жобаның I кезеңі аясында жоспарланған жұмыстардың 65% орындалған.

Жалпы Жетісу облысында 565 өнеркәсіп орны жұмыс істейді, оның 14-ірі, 11-і орта кәсіпорын. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2025 жылғы қаңтар-ақпан айларында 54,5 млрд. теңгені құрады, НКИ – 120,9%. Бұл ретте өңір өнеркәсібі көлеміндегі өңдеу кәсіпорындарының үлесі 68,2% құрайды, оның ішінде тамақ, сусындар өндірісі, машина жасау және жеңіл өнеркәсіп бар.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

«Сиверс алмасының гүлденуі» фестивалі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылдың 30 сәуір айында №370 Қаулысына сәйкес «Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ құрылды. Парктің жалпы ауданы 356022 га. Әкімшілік қатынаста парк Алматы облысының Ақсу, Сарқан және Алакөл аудандарын қамтиды. Құрылудағы мақсаты экологиялық, мәдени, тарихи және эстетикалық құндылығы жоғары табиғи таулы ландшафттарды өз қалпында сақтап қалу.

Парк ауданының 1,05 пайызын барлық мәдени алма сорттарының арғы тегі болып табылатын және ғаламдық маңызы бар Сиверс алмасының жабайы жемісті көшеттері алып жатыр. Сиверс алмасы - жемісті ормандардың бірегей агробиологизмді сақтап қалып, өсімін молайту үшін ерекше қорғауды талап етеді. Алма дақылы бұдан мыңдаған ғасыр бұрын Жоңғар Алатауы бөктерінде өсетін жабайы алмадан бастау алғанын есімі әлемге әйгілі болған академик А. Жанғалиев ағамыз бүкіл дүние жүзіне мойындатты. Жабайы алмалардың ішінде Сиверс алмасының алатын орны ерекше.

Жыл сайын сәуір-мамыр айларында ауа райының қолайлығына қарай Сарқан ауданы Тополевка елді-мекенінде «Сиверс алма ағашының гүлденуі» фестивалін өткізу жылдағы дәстүрге айналуда. Аталған іс-шара аясында ұлттық спорт түрлері бойынша жарыстар және жергілікті шығармашылық ұйымдар мен отандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен жарқын концерттік бағдарлама өткізіліп, ағаш отырғызылады. Сонымен қатар ұлттық паркке экскурсия ұйымдастырылып, Сиверс алма ағаштарының қалай гүлдей бастағанын өз көздерімен көре алды. Фестивальге экологтар, туристік фирмалардың өкілдері, журналистер, блогерлер, шетел азаматтары және еліміздің түкпір-түкпірінен туристер келіп қатысады. Іс-шара Сарқан ауданының әкімдігі, «Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ сондай-ақ, «Visit Zhetysay» ақпараттық орталығының ұйымдастыруымен өтеді.

Айшықты сәтті тамашалауға аудан жұртшылығы мен меймандарын осы өңірдің табиғи мақтаныштарының бірі - Сиверс алмасының гүлденуін және сұлу табиғатты тамашалауға шақырамыз!

Ж.ӨМҰРЗАҚҰЛЫ,
«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Сарқан филиалының директорының орынбасары.

Аманбөктер орманшылығының сәні — Ақкөл көлі

Ақкөл көлі — Жетісу облысының Сарқан ауданында, Жоңғар Алатауының тау бөктерінде орналасқан таулы көлдердің бірі. Көлдің тереңдігі шамамен кей жерлерде 10 метрге дейін жетеді. Су айдыны таза, мөлдір және керемет әдемі көрініс береді. Көл табиғи қорықтың шекарасында орналасқандықтан, оның экологиялық маңызы өте зор.

Ақкөл көлі Жоңғар Алатауының бөктеріндегі ерекше табиғи жерінде орналасқан. Көл суы көптеген жануарлар мен құстарға қажетті су көзін қамтамасыз етеді, сонымен қатар көлдің маңайында мекендейтін көптеген жабайы жануарлардың тіршілік ету ортасы. Ақкөл көлі тек табиғаттың әсемдігін тамашалау үшін емес, сонымен қатар экотуризмді дамыту үшін де өте маңызды болып табылады. Екі түрлі экологиялық жүйенің қиылысуында орналасқан көл әртүрлі туризм түрлеріне ашық: экотуризм, фототуризм, табиғатқа арналған экскурсиялар және биологиялық зерттеулер жүргізу сияқты жұмыстар жүзеге асырылады.

Ақкөл көлінің айналасында арнайы туристік маршрут белгіленген, бұл табиғаттың ғажайыптарын тамашалауға мүмкіндік береді. Туристер көлдің мөлдір суын тамашалап, орманды алқаптарда серуендеп, табиғаттың тыныштық пен сұлулығынан ләззат ала алады.

Ақкөл көлі мен оның айналасындағы экосистема тек табиғат қорғаушыларға ғана емес, бүкіл қоғамға маңызды. Жоңғар Алатауының бөктерінде орналасқан Сарқан филиалының Аманбөктер орманшылығының қызметкерлері бұл аумақты қорғау және дамыту үшін үлкен жұмыстар атқарады. Орманды аймақтардың сақталуы, су көздерінің ластанбауы және жануарлар дүниесінің қорғалуы маңызды міндеттер болып табылады.

Ақкөл көлі мен оның айналасындағы ормандардың сақталуы маңызды әрі ұзақ мерзімді міндет болып табылады. Табиғатты қорғау және экотуризмді дамыту арқылы бұл аймақтың экосистемасын сақтап, болашақ ұрпақтарға ұсына аламыз. Сарқан филиалының Аманбөктер орманшылығының қызметкерлері осы маңызды миссияны жүзеге асыруда үлкен еңбек сіңіріп келеді.

К.САДБАЕВ,
Сарқан филиалы Аманбөктер орманшылығының мемлекеттік инспекторы.





ТАЗАЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ ӘРДАЙЫМ БАСТЫ НАЗАРДА

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың төртінші отырысында «Сонымен бірге тазалық мәселесі әрдайым назарда болуға тиіс. Былтырдан бері елімізде «Таза Қазақстан» акциясы жүріп жатыр. Бастамаға азаматтар жаппай қолдау білдірді. Акция жалпыұлттық сипатқа ие болды. Күн жылынып келеді, енді жұрт сенбілікке шығып, айналасын тазалайды. Бұл – өте дұрыс. Мен бұған дейін де айттым, «Таза Қазақстан» – жай науқан емес. Бұл әр адамның және барша халықтың күнделікті дағдысы, өмір салты болуы қажет» деп тазалық мәселесіне барынша назар аударуға, науқандыққа салынбауға шақырған болатын.

өңір тұрғындары республика бойынша өтіп жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясында сенбілікке шығып, белсенділік танытты.

Аудандағы мекеме, кәсіпорын қызметкерлері бір жұдырықтай жұмыла шығып, көпшіліктің демалыс орындары мен өзен жағалаулары тазартылды.

Аталмыш сенбілікке 13 техни-

ка, 1000-ға жуық аудан тұрғындары қатысып, жалпы 30 тоннаға жуық күл-қоқыс шығарылды. Айта кету керек, сенбілік барысында 100 түп ағаш көшеттері отырғызылды. Осы бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасын таба беретін болады.

Өз тілшіміз.

Мерзімгі әскери қызметке шақыру 30 шілдеге дейін жалғасады

Осы жылдың көктемінде азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыру үшін аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлімде 1 наурыздан бастап әскерге шақырылатын азаматтарды тексеру және іріктеу жұмыстары жүргізілуде. Зерделеу барысында әскерге шақырылушының отбасы құрамын, әскери қызметке жарамдылық санатын, білімі мен мамандығының болуын нақтылайды, сондай-ақ жеке іс құжаттарын тексеріп, олармен әңгімелеседі.

Әскери қызметке шақырылуы тиіс азаматтар жергілікті әскери басқару органының шақыру қағазы бойынша әскерге шақыру комиссиясына келуге міндетті. Шақыру қағазы азаматқа жеке табысталады немесе оны қол қою арқылы жұмыс (оқу) орнындағы ұйым жетекшісі табыстайды, сондай-ақ әскерге шақырту қағазы SMS-хабарлама арқылы да жіберіледі.

Шақыру қағазын азаматқа жеке тапсыру мүмкін болмаған жағдайда, оның келуін тиісті ішкі істер органы қамтамасыз етуі тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 647-бабына сәйкес, шақыру қағазы бойынша дәлелді себепсіз

келмеген жағдайда бес айлық есептік көрсеткіш (АЕК) көлемінде айыппұл салынады.

Егер азамат медициналық тексеруден немесе шақыру комиссиясының жолдамасы бойынша тексеруден өтуден бас тартса, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 648-бабына сәйкес ескерту немесе үш АЕК көлемінде айыппұл қарастырылған.

Заңды негіздерсіз әскери қызметке шақырудан жалтарғаны үшін қатаң жаза қолданылады. Қылмыстық кодекстің 387-бабына сәйкес, жаза көлемі бір мың АЕК мөлшеріндегі айыппұлдан бастап, 400 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тарту немесе бір жылға дейін бас бостандығынан айыру немесе шектеу жазасы қолданылуы мүмкін.

Әскери қызметтен жалтару мақсатында өзіне зиян келтіру, аурумын деп сылтаурату немесе құжаттарды бұрмалау арқылы жалтарғандар үшін қатаң шаралар қарастырылған.

Бұл ретте жергілікті әскери басқару органдарының құзыреті әскерге шақырылушылардың әскери есебін жүргізу және оларды хабардар ету мәселелері бойынша ғана заңды түрде айқындалады.



Осыған байланысты, жергілікті әскери басқару органдары әскерге шақырылушылардың медициналық комиссияларға келуін бақылайды, олардың қорытындысы бойынша келмеген азаматтардың тізімдері жасалады және материалдар іздестіру және жеткізу үшін тиісті ішкі істер органына өткізіледі.

Әскери қызмет кезінде және запасқа шығарылғаннан кейін екі ай ішінде азаматтардың бұл санатына несиелері мен қарыздары бойынша төлемдерін кейінге қалдыру жеңілдіктері қолданылады. Бұдан өзге «Срочник 2.0» бағдарламасы бойынша жауынгерлік жарыстың жеңімпаздарына ҰБТ тапсырусыз еліміздің жоғары оқу орындарына мемлекеттік грант негізінде оқуға түсу мүмкіндігі де қарастырылған. Сонымен қоса оқудың бірінші жылында студентке жатақханадан орын алуға басымдық беріледі.

Өз тілшіміз.

Жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы мәртебесі



Жуырда «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында аудан шаруашылықтары, мекеме-ұйымдарының жұмысшы мамандықтарына қажеттілігі зерделеніп, жұмысшы мамандықтарының қоғамдағы мәртебесін көтеру және жастарды техникалық және кәсіптік білім алуға ынталандыру мақсатында Сарқан политехникалық колледжінде «Ауданға қажетті жұмысшы кадрлардың өңірлік картасы» тақырыбындағы форум өтті. Форумға аудан әкімінің орынбасары А. Байғұнысов, аудандық білім бөлімі, «Жетісу облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығы» КММ-нің «Сарқан ауданының мансап орталығы» филиалының, аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшылары, Сарқан көпсалалы колледжі директоры М. Каримов, Ленин және Еңбек Қызыл Ту ордендерінің иегері, колледж түлегі Кұлману Қадырқызы Марданова, ауданның еңбек ардагерлері, әлеуметтік серіктестер қатысты. Форумды колледж директоры Е. Дармишев, «Жұмысшы мамандықтар жылы: Қазақстан экономикасының дамуы үшін маңызды қадам» баяндамасымен ашып, жиналғандарды Жетісу облысының кадрларға қажеттілігінің өңірлік картасымен таныстырды.

Аудан әкімінің орынбасары А. Байғұнысов өз сөзінде жұмысшы мамандықтардың ел экономикасын көтерудегі маңызын атап өтіп, колледж студенттерінің мамандықтары бойынша теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруға өз көмектерін беріп жатқан «Еремеева» шаруа қожалығының басшысы В. Еремеев пен әлеуметтік серіктестерге алғысын білдірді.

Колледж директорының оқу-ісі жұмысы жөніндегі орынбасары П. Имангазиева «Сарқан ауданы бойынша кадрларға қажеттілігінің өңірлік картасы» бойынша талдау нәтижесін ұсынды. Аудандық білім бөлімінің маманы Т. Карбышев мектептер мен аудандағы колледждер арасындағы кәсіптік бағдар беру жұмыстары бағытындағы бірлескен жұмыстарға тоқталса, «Сарқан ауданының мансап орталығы» филиалының басшысы Е.Нұрқасым аудандағы жұмысшы мамандығына оқып жатқан түлектерді, келешекте жұмысқа орналасу жеңілдіктері және тәртібі туралы хабардар етті. Келесі кезекте еркін микрофон беріліп, форумға қатысушылар мен қонақтар арасында тақырыпқа байланысты бүгінгі күннің өзекті мәселелері талқыланды.

Өз тілшіміз.

•Қарызсыз қоғам

Қаржылық сауаттылық пен тәуелсіздікке бағыт

Жетісу облысында «Қарызсыз қоғам» жобасы бүгінде қарқынды түрде жүзеге асырылып, аймақтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға үлкен септігін тигізуде.

Жоба азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру, банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша проблемалық берешекті реттеуге жәрдемдесуге бағытталған. Былтыр 7 мыңнан астам жетісулық оқудан өтті. Олардың қатарында зейнеткерлер, үй шаруасындағы әйелдер, студенттер, курсанттар және басқа да әлеуметтік топ өкілдері бар. Қазіргі таңда Панфилов және Ескелді аудандарының шалғай ауылдарында 90 күннен астам қарызы бар тұрғындар қамтылып, оларға қаржылық сауаттылық бойынша бағыт-бағдар берілуде. Сонымен қатар, кезең-кезігімен барлық аудандар және шалғай ауылдар қамтылатын болады.

Қатысушылар үшін қаржылық аспектілерді жақсы түсінуге көмектесетін семинарлар, тренингтер және жеке кеңестер өткізіледі. Биыл тағы 10 мың жетісулықты оқыту жоспарланып отыр. Тікелей семинарлардан басқа, qoqam.kz онлайн платформасында кеңес алуға немесе оқыту курсына жазыла алады. Сондай-ақ тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы органдарға немесе «AMANAT» партиясының өңірлік филиалдарына жүгінуге болады.



«Қорғас» шекаралық басқармасында жаңа оқу орталығы ашылды

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаментіне қарасты «Қорғас» шекаралық басқармасында шекаралық бақылаушыларды дайындауға арналған үш айлық «Оқу орталығының» салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Іс-шараға департаменттің басшылық құрамы, ардагерлер, оқу орталығының алғашқы тыңдаушылары және басқа да шақырылған қонақтар қатысты. Жаңа оқу орталығы шекаралық бақылау саласындағы білікті мамандарды даярлауға бағытталған. Мұнда тыңдаушылар шекаралық бақылау жүргізу әдістерін, құқықтық негіздерді және заманауи техникалық құралдарды қолдану тәсілдерін меңгеретін болады.

Салтанатты ашылу барысында департамент басшылығы оқу орталығының маңыздылығын атап өтіп, болашақ шекаралық бақылаушыларға сәттілік тіледі. Бұл бастама еліміздің шекаралық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды қадам болып табылады.

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті.

Ғабиден ҚҰЛАХМЕТ

(Жалғасы. Басы өткен нөмірде).

Қайықбай кісі сырына берік еді. Сөзге сараң бала пыш-пыш өсектен бойын аулақ ұстайтын. Тіпті, екі адам әңгімелесіп отырса, жанына жақындауға ұялады. Өзгенің құпиясына кездейсоқ куә болғанына опық жеп, өкініп отыр енді.

- Тоғызыншы барақта жатасың, - деді тергеуші. - Үмітіңді үзбейін. Ойланyp, толған. Өз қабырғаңмен кеңес. Түннен аман шықсаң, күндіз қала шетіндегі екінші бараққа жіберемін. Онда Әбдірахман Серікбайұлы бастаған контралар жұмыс істейді. Сеніміне кіріп, сырын алсаң, осы түрмеде қалдырамын. Он-он бес күннен кейін мың жарым тұтқынды кемеге мінгізіп Мұзды мұхитқа жөнелтеміз. Ол жақтан ешкім тірі қайтпайды. Байкенже Маусымбаевтар ату жазасына кесілгендер. Тоғыз адамның тізімін жоғарғы жақтың бекітуін ғана күтудеміз. Оныншы ғып сені қосақтай салу оп-оңай.

Ысекең қызыл үйдің түбінен қарсы ұшырасты.

- Өңің әлемтапырық қой. Сырқаттанып қалғаннан саусың ба? Қайықбай бала тіс жармады.

- Бүгін түнде бір пәле болған сияқты. Ішінде Байкенже мен Шерубай бар тоғыз адамды сегізінші бараққа апарып қамады. Бұл тегін емес. Бір тықырдың таянғаны.

- Неге? - деді қыстығып.

- Сегізінші бараққа қамалғандар шықпайды, ұшты-күйлі жоғалып тынады.

- Мені тоғызыншы бараққа жіберді, - деп мұңайды Қайықбай бала.

- Тергеуші сіз туралы сұрады. Танысың ба? - дейді.

Ысқақ ақсақал сыпырғышын іргеге сүйеп, қойнынан насыбай шақшасын суырды.

- Керек етсе, сабы қуарған қамшымды кесіп алсын. Шешесі марқұм жаман кісі емес еді. Кімге тартып туғанын бір құдайдың өзі білер. Мен оның әкесімін, қарағым.

Қайықбай аңырды.

- Заманына күйлеген ит қой, - деді Ысекең астыңғы ерні томпайып.

- Жастайынан нағашыларының қолында өсті. Екінші әйелім мен үш баламды Қытайға апарып, төлбасы тұңғышым болған соң, қоштасайын деп Семейге келгенмін. Келінім ноғай қызы көрінеді. Нағашысының атына көшкенін қайдан білейін, жалғыз келгенімді, жөнімді ешкімге айтпай ұрланып жеткенімді естісімен, үйіне де кіргізбей, бірден түрмесіне әкеп сүңгітті.

Көз алдымда жүрсін деген қамқорлығы шығар.

- Ата, - деді алқынып. Аузына басқа сөз түспеді.

Кенеп орауын мойнына асып алған Қайықбай баланы тоғызыншы барақтағылар қиқулап қарсы алды. Жартылай жалаңаш телі-тентектер ысқырып, шулап, айбат шекті.

Өзіне қарай балпаң басып келе жатқан Бәңкені көргенде, жанын қоярға жер таппады. Тергеушінің дөңайбаты жай ғана бопсалау болмады. Бәңкенің жолындағылар қоғадай жапырылды.

- Пошли, - деді жуан сары. Сөз нобайын андаған Қайықбай бала соңынан ілесті. Тоғызыншы барақтың төр жағы бос. Оншақты қадамдай ашық кеңістікте ұзын үстел мен жалғыз кереует қана құлазып жетімсіреп тұр. Оң жақ қабырғада темір торлы терезе. Тордың көзінен салқын ауа саулайды.

- Есть хочешь?

Қарны ашып тұрса да басын шайқады. Бәңке біреуге ым қағып еді, босаға жақтан елпең қағып, мосқал орыс жетті. Жуан сары балпылдап сөйлеген сайын, басын шұлғып, шыбындаған жылқыдай мазасы кетті.

- Атаман айтады: сен қорықпа. Ешкім тимейди. Қарын ашса, айт. Мен саған қарайды. Касында болады.

Қайықбай бала мен мосқал орысқа тәуір жерден орын тиді. Төсектері қатар

Өздері тілек білдірмесе, тоғызыншы барақтағылар жұмысқа бармайды дегенді естіп жағасын ұстады.

- Неге?

- Биз киси ултирган, тонаган. Укиматка карсы болмаган. Сегизинши барак смертники. Пуф-пуф атады. Биринши барак карилер, ну, старики, аурулар. Олар барибир уледи. Екинши барак поптар, муллалар. Ол мунда емес. Калгандар политический, ну Ленин жаман, большевик жаман дигандар, соган карсы согыскандар. Оларды Соловкиге айдайды. Биз санитарлар, как волки, каскырмаз. Сендердин жаман кисилеринди урамыз, ултирамыз. Зато озимизге озимиз кожайын.

тамсанады.

Тұтқындар мәйітті тұзақтан босатып, зембілге салды.

- Көрдің бе? - деді тергеуші кетіп бара жатып - Қасарыса берсең, ертең сенің де өлігіңді естіп алып шығамыз.

- Сен қорықпа, - деп қазағуар мосқал орыс мұны жұбатқандай жылы сөйледі - Санька өзі виноват. Сыртқа ақша жиберген. Тауар келмеді. Оны алдаған. Биздики заң солай. Мойнына алдин, басынмен жауап бересин. Санька жаксы олди. Нагиз вор.

Уақыт өткізе алмаған Қайықбай Ысекеңге көмектесті. Ішкі ауланы сыпырып-сиырып болған соң, мұны

дан ес кетті. Жан-дүниесін нұрландырған тілсіз қуаныш көңілін бұлттан шыққан күндей ғып ашты!...

Қарысқан уысын әрең жазған.

«Ағатай! - депті маржандай тізілген әріптер - Мен Семейдемін. Атамның алтындарын алып келдім. Жат жұрттық баламын ғой, мені сатсаңдар да, мына тозақтан құтылсаңдар етті. Жолыңа жаным құрбан, ағатай!»

Шырылдаған қарындастың жан айғайы көзін шоқтай қарыды. Ыршып түскен тамшы жас «Ерукеш» деген жазуға тамып, сиясы жайылды. «Қап, бүлдірдім-ау», - деп қынжылған Қайықбай бала қағазды жалма-жан күншуаққа тосты.

Серінің соңғы әлемі

Деректі хикая

түрменің сыртына шығарды. Кішкентай үйшіктегі қарауыл баяғы көзтанысы көрінеді.

- А, қобызшы, әлі тірі жүрсің бе? Тоғызыншы барақта кісі өлген сайын, сен емес пе деп елеңдеймін.

- Рахмет, - деді сасқанынан. Қызыл жағалы жымыңдады:

- Тіліңнің қотыры бар, ә?

Түрменің алды қарақұрым ел. Ат арбалар қаңтарылып, құжынаған кісі қайшы алысады.

- Уақытың он мүйнет. Кешеуілдесең атып тастауға хақым бар, - деп жырқылдады қарауыл.

Арық кемерін тазалап, қоқыс, қыбырды шетке үйіп жатыр еді, имене басып бір бойжеткен жақындады.

- Есенсіз бе?

- Шүкір, - деді намыстанып. Үріп ауызға салғандай перизаттың екі көзі танадай жалтылдайды. Кірпігіне ілінген жас моншақтары таңғы шықтай мөп-мөлдір.

- Шерубай, Байкенже, Қараша деген кісілерді білесіз бе?

- Иә, - деп тосылды Қайықбай. Сана-сын тіліп өткен өткір сәуле көкейіндегі түйткілді отыз екі тістің арасынан лақ еткізді — Шерубай ағаның қарындасы Ерукешпісің? Мен Қайықбаймын.

- Ой, мен де сізді сырттай білемін. Қобызшы, әнші Қайықбайсыз ғой. Ел сізді Лепсінің түрмесінде деп жүр.

Қанқызыл еріндері гүлдің қауызындай ашылып, меруерт тістері жарқырай күлді.

- Түрме қарауылдары оларды енді қайтып іздемендер, мұнда жоқ деген соң... Уғ, алла-ай! Қорыққан кісі не ойламайды...

- Тоғыз кісі жеке қамақта. Оларға ешкімді жолықтырмайды.

- Қайтсем екен, қалай тілдесуге болады?

- Ол менің қолымнан келмейді ғой. Мен де бас еркі жоқ мүсәпірімін.

- Әй, қобызшы, кіммен сөйлесіп тұрсың?

Үйшіктен қарауылдың мойны қылқиып, бұған жұдырығын түйді.

- Кәне, кері қайт!

Қайықбайды бас салып, құшақтай алған Ерукеш қыздың көзінен жас моншақтай төгіліп, алақанына тілдей қағаз қыстырды.

- Құлдығың болайын, замандас. Ағамның тым болмаса сәлемін жеткіз. Күтемін. Бетінен шөп еткізіп сүйген сұлу бойжеткен бұрала басып кете барды.

- Омай-оу, - деп ішін тартты көзтанысы - Көтіне қылжуыр байлаған тышқандай өле алмай жүріп, аузының салымдысын қара. Өзің төкәппарсың ғой тіпті. Кепкен ағаштай қайқаюын. Перінің қыздарымен ғана әуейі пәлесің-ау!...

Ерукеш қыздың ернінің ыстық табы тұла бойын балқытып, Қайықбай бала-

Шашылған айна сынықтарындай жанарды арбаған шоғыр сәуле алақанында ұйыды. Сорғыған жазуға қайта үңіліп еді, «Ерукеш» деген сөздің бұлдыр тартқан қалыбынан жылап тұрған мұңлық қыздың бейнесі елестеді...

- Сен қайда? - деді мосқал орыс мұның жөнінен тартып.

- Бәңкеге жолығамын. Айтатын сөзім бар.

- Болмайды. Ол уйқатайды.

Қайықбай бала жұлқынып төрге озды.

- Бәңке, - деді еңтігіп - Әй, Бәңке тұршы.

Талыстай кеудесі көтеріліп, басылған ұйқыдағы Бәңке оянар емес.

- Бәңке, Бәңке, - деп жыларман болып таудай денені жұлқып-жұлқып жіберді - Ұйқыңды ашшы. Шаруам бар.

Май қабақтың астынан сығырайған көз көрін төгіп бұған тесілді. Кірпік қақпайды. Суық. Уытын жиып, атылайын деген жылан сияқты.

- Ну, чего тебе?

- Хат. Шерубай, Байкенже. Тілмаш ни нады. Ты, я.

- Ну, говорун... Конспиратор.

Бәңкенің беті күлкіден табақтай болып жайылып кетті.

Ерукештің хатын қолына ұстап, аударып-төңкеріп қараған сайын, маңдай терісі жиырыла бастады.

- Рискованное дело. Но за это же деньги требуются.

Бәңкенің ақша сұрап тұрғанын түсінген Қайықбай баланың алып-ұшқан көңілі су сепкендей басылды.

- Бәңке, не кароший, - деді басын шайқап - Бәңке, плокой ...

Жуан сарының қырау қонған сояу шөптей боз кірпіктері тікірейіп, сүзіле қараған көкшіл көздері мұздай жылтырап, өңменінен өтті.

Іші бауырын қалтыратқан суық көзқарастан бұл да ықпады. «Дай», - деп қолын созды. Хатты өзіме қайтар деген емеуріні.

- Хорошо, - деді Бәңке жүзі жылып - пусть будет по твоему.

Қағазды бермеді. Төс қалтасына салды.

...Түн ішінде мұны қазағуар мосқал орыс оятты.

- Сен тур. Сени шақырады.

Бәңке темір торлы терезенің алдында біреумен күбір-күбір сөйлесіп тұр екен. Мұны көріп, өзінің төсегіне қарай аяндады. Тордың кереге көздеріне бетін төсеп жабысып тұрған зор адам:

- Қарағым-ай, сен кім боласың? - деді.

- Қайықбаймын. Жақыпбек байдың ауылынанмын.

- Мен Солтанайдың Шерубайымын. Ерукешті қайдан көрдің.

- Түрме алдынан.

(Жалғасы бар).

Адамзат тарихында мәңгі есте ақалатын айтулы күндер болады. Сондай күндердің бірі жан толқытар мереке – Ұлы Жеңістің 80 жылдығы. Жеңіс мерекесі, бұл біздің ата-бабамыздың батырлығы мен ержүректігі, тыл жұмысшыларының төзімділігі мен ерлігі.



Ер есімі – ел есінде

Соғысқа қатысқан жауынгерлерді, жастық шақтарын қиындықтың құрсауында өткізгендерді біздер ешқашан да ұмытпаймыз. Алапат соғыстың орны толмас зардабы мен қайғы-қасіретін ешкім еш уақытта ұмытуға тиіс емес. Олай дейтінім, соғыстан зардап шекпеген бірде-бір отбасы жоқ. Сондықтан оған қатысып жеңіске жеткен және осы жолда өмірлерін құрбан еткен асыл азаматтарды еске алып, құрмет көрсетіп отыру бәрімізге қасиетті борыш, қастерлі міндет болып табылады.

Міне осындай тұлғалардың бірі, соғыстың сұрапылын көріп, ерлігімен танылған, елге оралып, бейбіт өмірге араласып, мағыналы ғұмыр кешкен біздің атамыз Байжибеков Рақым Тоқтамысұлы болатын. Егер атамыз тірі болғанда 100-ге келіп, Ұлы Жеңістің 80 жылдығын бірге тойлайтын едік.

Атамыз 1941 жылы 17 жасында соғысқа аттанып, Украинаны, Белоруссияны, Польшаны фашистерден азат ету шайқасына қатысып, соғысты Берлинде аяқтап, «Ерлігі үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Германияны жеңгені үшін», Ұлы Отан соғысының 20,30,40,50 жылдық мерейтойлық медальдарымен, Отан соғысының II дәрежелі орденімен, «62-ші гвардиялық армияның ардагері» төсбелгісімен марапатталған. Соғыстан 1946 жылы елге оралып атамыз Нұрмән атты шешемізбен отбасын құрып 7 баланы дүниеге әкеліп, ұл-қыздарын өсіріп жеткізу үшін «Энергия» колхозында аянбай еңбек етіп, достарының, туған-туыстарының арасында сыйлы болды.

Юсуповтер әулетінен Юсупов Жұмағали атамыз да 1941 жылы соғысқа аттанып, 1942 жылы желтоқсан айында майданда қаза тауып хабарсыз кетті. Алмалы ауылында соғыс құрбандарына арналған ескерткіште ол кісінің аты жазылған.

Ел басына күн туған шақта қолына қару алып Отанымызды қорғаған аталарымыздың жарқын бейнесі біздің ғана емес, ел есінде мәңгі қалары айдан анық. Өйткені олар бейбітшілік үшін, келер ұрпақтың алаңсыз тірлігі үшін жеңісті жақындатты. Аталарымыздың осынау ерліктері біз үшін зор мақтаныш, мерейлі мәртебе.

И. ЮСУПОВ,

Сарқан ауданының Құрметті азаматы.

Музыка бәйтерегі – Мұқан Төлебаев

Биыл атақты композитор КСРО халық артисі, Жетісудың тумасы М.Төлебаевтың туғанына 112 жыл толып отыр. Осы мерейтойға орай Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейі «Музыка бәйтерегі – Мұқан Төлебаев» атты әдеби-сазды кеш ұйымдастырды.

13 наурызда КСРО халық артисі, Жетісудың тумасы М.Төлебаевтың туғанына 112 жыл толуына орай Мұқан Төлебаевтың мемориалды музейінде «Музыка бәйтерегі – Мұқан Төлебаев» атты әдеби-сазды кеш ұйымдастырылды. Шара аясында композитордың өмірі мен шығармашылығынан сыр шертетін «Қазақ музыкасының классигі» атты көрме безендірілді. Шарамыз Қазақстан Республикасының Гимнімен ашылды. Шара барысында композитор туралы деректі фильм көрсетілді және композитордың «Кестелі орамал», «Бақыт вальсі», «Жеті арал» әндері шырқалды. Сонымен қатар ұлы композиторға арналып жазылған ақындарымыздың өлеңдері орындалды. Атап айтар болсақ музейдің ашылуына көп еңбек сіңірген, әрбір экспонатта қолтаңбасы қалған, музей директоры қызметін атқарған, бүгінде өмірден өткен сазгеріміздің жерлесі,



Дүйсенбек Қажыбай Қасенұлы шығарған «Шұбартүбек», облыстық Жетісу газетінің тілшісі, ақын, жерлесіміз Қуат Қайранбаевтың «Әлдилейді ән бесік», Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, аудандық "Сарқан" газетінің бас редакторы Ігіман Жомарт Мақатұлының композитор жайында шығарған толғанысы «Туған елге барын берген хас дарын» атты шығармалары халықтың игілігіне бөленді. Атамыздың 95 жылдық тойына құрылған «Наурыз әжелер» ансамблінің орындауында Құдыш Адамбековтың «Өз аға» әні орындалды. Кеш соңында музей меңгерушісі Ақжібек Жұматаева шара қатысушыларына марапаттар тапсырып, алғысын білдірді.

А.ЖҰМАБЕК,

М.Төлебаевтың мемориалды музейінің экскурсия жетекшісі.

Денсаулығын созысқа берген майдангер еді...

Менің әкем Сүдірбаев Байболат 1917 жылы Сарқан ауданына қарасты Ынталы ауылында дүниеге келген. 1940 жылы әскери азаматтық борышын өтеп, елге оралады. Дүниежүзілік соғыс басталғанда қайтадан әскерге шақырту қағазын алады. Үш ата Сүдірбай, Шүленбай, Мұқаштың ортасындағы жалғыз ер баласын қанды қырғын ұрыс майданына шығарып салу ата-анасына оңай болған жоқ. Өлпештеп өсірген жалғыз ұлды қабырғасы қайыса отырып аттандырады.

Байболат алдымен Одессада қысқа мерзімді әскери дайындықтан өтеді. Молдавияның Бессарабия өлкесін Кеңес Одағына қосу ұрыстарына қатысады.

«Ұлы Отан соғысы басталғанда біздің бөлім Кишинев қаласында еді. Бізді жедел Белоруссияға танк бөлімшесіне ауыстырды» - деп әкеміздің айтқаны есімізде қалыпты.

Жауды ең алғаш рет Белоруссия майданында танк жүргізушісі ретінде қарсы алады. Соғыстың алғашқы кезеңінде біздің Қызыл Армия жау екінін тоқтата алмай шегінумен болды. Сол кезде ұрыса отырып шегініп бара жатып, 1941 жылдың күзінде жарақат алып, 1 ай әскери госпитальда емделіп шығып, соғысуды жалғастырады. Еуропа елдерін жаудан азат етуге ат салысып, фашистік Германияның ең бекінісі күшті қаласы Кенигсбергті алуға қатысады. Сол майданда «Кенигсбергті алғаны үшін» медалімен марапатталған. Жауды жеңу, өз жолдастарының өмірін сақтап қалу жолында әкеміз 2 рет жараланады да, бірақ жарасы жазылысымен қайта қатарға қосылып, оққа ұшқан жолдастарының кегін қайтару үшін өзі сұранып майданға қасылады. 1945 жылы мамырда Берлин қаласын алуға қатысып, 2 рет «Ерлігі үшін» медалін иеленеді.

Содан 1946 жылдың 1 шілдесіне дейін Совет Армиясының қатарында болады.



Ұлы Отан соғысына бастан аяқ қатысып, Жеңіс салтанатын Германия жерінде қарсы алған әкеміздің өмірі бізге жазылмаған дастан сияқты. Соғыстың 5 жылының ішінде бүкіл Шығыс Еуропаны аралап, ол елдерді де фашизмнен азат етуге, Жеңісті жақындатуға өз үлесін қосты. Соғысаяқталысымен әкеміз Байболатты бірден елге қайтармады. 1946 жылдың ортасына дейін бүлінген алып құрылыстарды қалпына келтіруге алып қалады. Отбасына оралысымен Амангелді колхозында механизатор болып еңбек етті. 4 бала сүйіп, отбасын құрады. Бірақ соғыстан денсаулығынан айырылып, II дәрежелі мүгедек болып қайтты. Әкеміздің ауырған бейнесі ғана көз алдымызда қалды. Сол ауруынан ерте, 49-ақ жасында, 1966 жылы 16 қыркүйекте бақилық болды.

Көрмедің әке, Жеңістің мерей жылдығын.

Соғысқа барып, Көрсен де сұмдық қырғынын.

Майдандағы ерліктеріңді жан әке, Ұрпағың жыр ғып жүр бүгін.

Өкініштісі соғыстағы, соғыстан кейінгі қиыншылықтарды көрсе де, соғыс ардагерлеріне деген бірде бір құрметті көре алмай, өмірден ерте өткендігі! Енді артында қалған 4 баласы және немере, шеберелері әкеміз Байболатты үлкен құрметпен еске ала отырып, сол кісінің бізге бейбіт өмір сыйлағанына бас иеміз!

Өздері Отан үшін денсаулығын, өмірін құрбан етсе де, бізге бейбіт өмір сыйлаған соғыс ардагерлерін құрмет тұтып, алдында бас иеміз. Есімдерін ұлықтап, ел есінде қалдыруды өзіміздің перзенттік борышымыз деп санаймыз! Мың тағзым сіздерге, Жеңіс күнінің авторлары!

Есбала СҮДІРБАЕВА,

Сарқан ауданының Құрметті азаматы, Сарқан ауданы Әжелер алқасының төрайымы.

• **Құман Тастанбеков - 80**

Ұлы дала ұлағаты

Құман Нұрмағанұлы Тастанбеков 1945 жылы 10 наурызда Алматы облысы Сарқан ауданы Екіаша ауылында дүниеге келген. Орта жүз – Найман, руы – Садыр. 1965-1969 жылдар аралығында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының актерлік факультетін оқып бітірген.

Консерваторияны бітіргеннен кейін Қазақ академиялық драма театрының құрамына қабылданды. Ең алғаш ойнаған ролі – «Қыз Жібек» фильміндегі кейіпкері Төлеген, 1969-1970 жылдарында түсірілді. Кино өнері саласында көрермендерге осы фильмдегі Төлеген рөлімен танылды. Осы туынды арқылы қазақ кино өнерінің жарық жұлдызына айналды. Өнердің арқасында кино әлемі арқылы Құман Тастанбеков Меруерт Өтекешевамен танысып, шаңырақ көтереді.

Кейіннен ойнаған ролдері: «Қыс - мазасың маусым», «Ағам менің», «Ерекше күн», «Аққулар ұшып келеді», «Махаббат жаңғырығы», «Ағам арналған қалыңдық», «Қараша қаздар қайтқанда», «Провинциалық хикая», «Алаң шеті», «Өрнек» т.б. фильмдеріне түсті.

Театр сахнасында ойнаған ролдері: Қасым, Құлбек (М. Әуезов «Ана – Жер Ана», «Ақ кеме»); Өлібек, Нарша, Абыз (М. Әуезов «Айман – Шолпан», «Қарагөз», «Еңлік-Кебек»); Тәңірберген (Ә. Нұрпейісов «Қан мен Тер»); Жан (Ө. Бөкеев «Құлыным менің»), Айдар (М. Әуезов пен Л.С. Соболев «Абай»); Маздақ (М. Шаханов «Сенім патшалығы»); Орест (Л. Дюрко «Электра, сүйіктім менің»); Флоридор (Ф. Эрве «Түлкі бикеш»); Фархад (Назым Хикмет «Фархад – Шырын»), т.б. секілді әр алуан рөлдерді орындап, қызғылықты мінез-кейіптер жасады.

Алған марапаттары: 1976 жылы Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты; 1982 жылы Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген артисі; 1993 жылы Қазақстан Республикасының халық артисі; 2001 жылы «ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл» медалі; 2008 жылы «Құрмет ордені»; 2015 жылы «ҚР Конституциясына – 20 жыл» мерекелік медалі; 2016 жылы ҚР Президентінің жарлығы бойынша «Парасат ордені» мен марапатталды; 2016 жылы «Қазақстан тәуелсіздігіне 25 жыл» медалі.

Ол театр сахнасында жарты ғасырға жуық қазақ классиктерінің шығармаларындағы негізгі рөлдерді, тарихи тұлғаларды сомдады. Ол қазақ өнер саласында жарқын бейнесімен ұмытылмайтындай із қалдырды.

Н.БОКУШБАЕВА,

«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» КММ Сарқан филиалының архивісі.

"Шынайы бақыт - өзгелер үшін өмір сүру"-деп Л.Толстой айтқандай мен өмірімді ұстаздыққа арнадым. Таңдаған мамандығым математика пәнінің мұғалімі болды. Еңбек жолым Сарқан қаласындағы арнайы мектептен басталды.

1986 жыл қиын қыстау, тарихтың дүрбелең тұсында тағдыры қиын балалармен жұмыс істеу маңдайыма жазылған екен. Талай ұстаздардың тағдыры осы мектепте тоғысты. Ол кездегі мектеп директоры болған Саломехин Григорий Герасимович мықты басшы, тиянақты шаруашылық меңгерушісі еді. Талапшыл, бетің бар, жүзің бар демейтін турашылдығын әлі күнге өнеге етеміз. Әр істің нәтижесі шыққанша тастай қатып алатын. Мектептің абыройы дегенде уақытпен санасуды ұмытып кететін. Осы кісіге қарап, басшы талапшыл болса, қосшының ешқашан айылы босамай, тізгіні мықты болатынын ойыма түйген едім. Ол кезде оқу ісі мен тәрбиеге бір адам ғана орынбасар жауапты болатын. Жауапкершілігі үлкен істі Кулешова Анна Ивановна атқарды. Ұстаздарды жетістікке жетелеп, ашық сабақтар ұйымдастырып, өзі сабаққа қатысып, үйретері мол жанды ұжым ерекше құрмет етті. Ұстаздардарды басқару үрдісінде дау-дамай, арыз-

Ұрпақ зердесіне ізгілік ұялатқандар

шағымға жол бермейтін талапшылдығы білім мен тәрбие майданының жетістігі мен жемісі болды. Аты айтып тұрғандай арнайы мектепте ол кезде мамандар жетіспейтін. Дефектолог мамандығын пән мұғалімдері жүргізетін. Алматы қаласына барып дефектолог, психолог дайындайтын курстан өтіп келетін біз. Тынымсыз ізденіс шығармашылығымызды шыңдап, облыстық семинарлар да өткіздік. Қиын да күрделі жұмыстың нәтижесін көрсету біз үшін үлкен жеңіс болды. Өзімізге сенім артқан ата ана, білім бөлімінің сенімін ақтап, бұл мектепте де білікті мамандар бар екенін дәлелдедік. Келген тексеріс те ұстаздардың шығармашылығына риза болып тарасатын. Ұстаздар өздерінің шыққан тауының биіктігін еңбегімен, марапаттарымен дәлелдей білді. Облыс, аудан, республикаға тәжірибесі тараған ұстаздар: Итжанова Гульнара Қайролдановна, Смагулова Куралай Кажибаевна, Ахметова Шынар Асылбековна, Тукушева Гульнафис Жумахановна, Ахамбаева Гульнар Шаймуратовна, Карипов Бакытбек Каралбекович, Тажинова Маржан Амирхановна, Таева Гульви-

ра Турсынбаевна, Иманбаева Эльмира Ильясовна, Ошаганова Эльмира Ортовна, Мусабаланов Еркебұлан Мырзаханович, Басшыгулов Жігер Есболович, Жасұзакова Мақпал Жасұзаққызының елеулі еңбектері үлгі-өнеге. Мен қиын да болса осы мектепке арнаған ғұмырыма ризамын. Тағдыр біздің "ғұмыр" атты кемемізді еншілей таңбалауымызға да, сауға сұрағандай саудалауымызға да көнбейді. Біз өз тағдырымыздың еншісін жылдар бойы осы мектепте атқардық, тер төктік. Жастық жалынымыз, өнегелі өміріміз тарих бетіндей осы мектепте таңбаланды. Орнымызды биіктен көрсетіп, намыс отын тұтата білдік. Қос жанары мөлдіреп жәудірей қараған балаларға қорған болдық, жүректеріне мейірім отын ұялаттық. Содан бері жар-ты ғасыр өтіп, ұстаздық жолымыз ақ баталы ардагер жолына ұласты. Өзім де қызметтегі еншімнен құр қалмадым. Жас маманнан шебер ұстаз, соңғы жылдары директордың орынбасарлық қызметін атқардым. Қазіргі таңда Ардагерлер ұйымының төрайымымын. Бұрынғы қызметтестеріммен жиі бас қосып,



мектептің іс шарасына қатысып, күннен күнге көркейіп келе жатқан мектепке сүйсіне, қызыға қараймыз. Ұжым да жасарып жаңаша қызмет етуде. Дәліздегі жетістіктеріне қарап, кеудемді қуаныш билейді. Ұстаз бен оқушы арасындағы махаббат мейірім төккен жанарлардан айтпаяқ оқуға болатындай еді. Арнайы мектеп -жастығымның алтын парағындай болып сиқырлы сырдай қала берді...

Т. ТЛЕУБАЕВА,
арнайы мектеп-интернатының
ардагерлер ұйымының төрайымы.

Ойын арқылы баланы дамыту

Ойын бала өмірінде ерекше құбылысқа толы тұтас бір үрдіс. Баланың қиялы, шығармашылығы, таланты, ой-өрісі, сөздік қоры, белсенділігі осы ойын үстінде танылып жатады. Альберт Эйнштейн: «Ойын балалар таңдаған әр түрлі іс-шараларды, ойын-сауық түрлерін қамтып, балалардың назарын, қызығушылығын арттыруға арналған үдеріс. Ойын – зерттеудің ең жоғары формасы» деген екен.

Сондықтан да бала үшін ойынның орны ерекше. Баланың ойынға деген құмарлығы бар, сол құмарлықты қанағаттандыра білуіміз керек. Ойнау үшін тек қана уақытты бөліп қана қоймай, сонымен бірге баланың барлық өміріне ойынды бере және сіңіре білуіміз қажет. Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады. Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақыл-дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де сондай болады. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. Жас сәбидің өмірі, қоршаған ортаны танып, еңбекке қатынасы, психологиялық ерекшеліктері ойын үстінде қалыптасады. Балалар ойын барысында өздерін еркін сезінеді, ізденімпаздық, тапқырлық әрекеті (сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою, ерік арқылы байқалады.) Мектеп жасына дейінгі баланы дамытатын, өсіретін, әрі тәрбиелейтін де негізгі іс – әрекет ойын. Ойын арқылы бала қоршаған ортамен, адаммен, олардың еңбегімен, қарым – қатынасымен танысады. Ойын арқылы олардың ой-өрісі дамиды. Ойын үстінде балалар әртүрлі рөлде жолдастарымен қарым – қатынас жасауға, ойын үстінде ойлана отырып жауап беруге, қиялдауға, елестетуге қабілеттері қалыптасады. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. Сонымен қатар, ойын – тынысы кең, ойдан ойға жетелейтін қиялымен қанат бітіретін ақыл-ой жетекшісі, денсаулық кепілі, өмір тынысы. Балалардың ой белсенділігін, саналы ойлана білуін дамыту, жетілдіру – тәрбиешінің негізгі міндеті. Ойын баланың ойлау қабілеті мен сөздік қорын дамытуға, дағды мен шеберлікті меңгеруге, қиындықты жеңуге, төзімділікке баулиды. Ойын барысында тәрбиеші балалардың түгел қатысуын қадағалаумен қатар, олардың ойын үстінде шешім қабылдай білуіне, ойлана білуіне жетелеуі керек. Бір сөзбен айтқанда сәби саналарды адамгершілікке, еңбекке, білімге тәрбиелеуде ойынның орны ерекше. Соны ескеруіміз қажет.

А.АЙТБОСЫНОВА,
«Балдырған» бөбекжай бақшасы «Ақбота»
кіші тобының тәрбиешісі.

Ұстаздыққа бастар жол

Ұстаз атты қадірлі еңбекті жүрексіңбей таңдау үшін жүрек қалауымен қоса білімділік батылдық жүректілік пен мейірімнің болуы заңдылық. «Ұстаздық өткен жалықпас үйретуден балаға»-деп Абай атамыз айтқандай алтын уақытын арнап ерінбеген әр шәкірттің жүрегінен жол таба білген мұғалім ғана нағыз ұстаз бола алады. Ұстаз өз мамандығының білгірі тәлімді де тәрбиелі өнері мен өнегесі үйлесімді ұштасқан кәсәбінің шыңына шыққан тұлға.

Нағыз ұстаз болу- бақыт әрі абырой. Ұстаз болып шәкірт тәрбиелеу оңай жұмыс емес. Ол кез келген адамның қолынан келе бермейді. Қай кезде де қай қоғамда өмір сүрсе де мектеп есігін ашқан жас жеткіншек ұстаз алдынан өтеді. Осындай қиын да қызықты мамандықты абыроймен атқарып елдің есінде қалған ұстаздар да аз емес. Мен алғаш еңбек жолымды Мәншүк Мәметова атындағы орта мектебінен бастадым. Осы білім ошағындағы ардагер ұстаздардың іс- тәжірибелерін көріп ақыл- кеңестерін тыңдай жүріп өзіме көптеген тәжірибе жинақтадым. Алдыма келген әрбір шәкірт мен үшін орны бөлек дара тұлға олардың бойындағы талабы мен талантын дөп басып аша білу үлкен ізденіс пен төзімділікті талап етеді. Оқыту мен тәрбиелеудің өзі де өте күрделі іс. « Жақсы ұстаз болу үшін екі нәрсе қажет: біріншісі- терең білім. екіншісі-үлкен жүрек» деген екен орыс жазушысы Лев Толстой. Ұстаздық жолда қиындықты жеңу үшін балаға деген сүйіспеншілігің

мен оны жақсы көре білудің өзі де маңызды болмақ. Аз уақыт өтсе де шәкірттеріме бауыр басып жақын бола бастадым. Олармен өткізген әрбір сабағым мені керемет әсерге бөледі. Шәкірттерімнің қимыл-әрекеті білімге өнерге деген қызығушылығы мені қуантады. Білім негізі - бастауышта десек бастауыш сыныптың мұғалімі оқушыны дамыту арқылы оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз етеді, білімге деген сезімін нығайтып, іскерлігі мен дүниетанымын оқуға деген қызығушылығын оятып ынтасын арттырады. Әрбір сабақты тартымды әрі жүйелі өткізуді мақсат етсек жақсы нәтижеге қол жеткізуге болатынына көзім жетті. Әрине жас маманның алғашқы қадамында жүрексіну мен қиындығы басым болғанымен жүре келе ерінбесең ісің оңға басары сөзсіз. Күні кеше ғана мектеп табалдырығын аттаған бір- бір үйдің еркетотайлары уақыт өте келе білімге ден қойып қалам ұстап жазып, оқып үйренеді. Кейбірі өзің күткеннен де асып түсіп көңілді толтырады. Жарты жыл ішінде оқушыларым едәуір есейіп оқуға бет бұрды. Ата-аналары да айтқанымды екі етпей көмек беріп келеді. Бұл дүниеде шәкірт тәрбиелеуден асқан бақыт жоқ па деймін. Мен де ардагер ұстаздарымыз сияқты ұрпақ тәрбиесіне өз үлесімді қоссам деймін. Білім алмай «болдым»-деме, еңбек етпей «толдым»- деме деген қағиданы берік ұстап, ұстаздық жолдың қыр-сырын терең меңгерсем деймін. Өйткені Ұстаз елдің ертеңгі болашағын тәрбиелеуші.

Г.ТУКЕБАЕВА,
М.Мәметова атындағы орта мектебінің
мектепалды даярлық тобының тәрбиешісі.

Ұлттық киім – ұлттың сәні



Көктерек ауылдық кітапханасында 18 наурыз күні Ұлттық киім күніне орай «Ұлттық киім-ұлттың сәні» атты тарихи шолу өтті.

Қазақтың ұлттық киімі қарапайым әрі әдемілігімен, ерекшелігімен ғасырлар бойы тамсандырып келеді. Қазақ халқының ұлттық киімдердің құндылығын, сән-салтанатқа арнап ерекше құнды материалдан

тіктіретін болғандығын, қазақтың киім-кешектеріне: тақия, бөрік сәукеле, ки-мешек, шапан, тон, камзол, көжекей, бүрмелі көйлек, етік т.б жататыны айтылды. Сондай-ақ, бұл киімдер түр-түрге бөлінетіні, қазақ халқы бас киімді аса қадірлейтіні, соның ішінде сәукеле ең сәнді, күрделі баскиім екені айтылды. Білезік, алқа, сырға, шолпы т.б. зергерлік бұйымдарға тоқталып, шолу жасалды. Қыздар ұлттық киімнің үйлесімділігі мен би өнерлерін көрсетті. Қазақ халқының ұлттық киімдерін насихаттау, киім үлгісі арқылы әр адамға өз даралығын білдіруге, сонымен қатар Қазақстанның бірлігі мен мәдени әр алуандығын танытуға мүмкіндігін арттыру мақсатындағы іс-шара көрерменнің қызығушылығын туғызды.

Ж. БАЙБАРАКОВА,
Көктерек ауылдық кітапханасының
кітапханашысы.

ТУЛЯРЕМИЯНЫҢ АЛДЫН АЛУ БОЙЫНША ЖАҒДЫНАМА

Туляремия дегеніміз жабайы кеміргіштерден қояндардан, үй тышқандарынан жұғатын өте зиянды жұқпалы ауру. Адамдар бұл ауруды кене, маса арқылы және туляремияның ауыру қоздырғыштары бар суды пайдаланғанда жұқтыруы мүмкін. Мұнымен қоса шөп тасыған кезде оның шаң-тозаңы арқылы да тарауы ғажап емес.

Туляремияның микробы адам организміне түссе онда оның дене қызуы күрт көтеріліп, қалтырайды, басы қатты ауырып оған аяғының, арқасының, иықтарының, белінің бұлшық еттері ауырады. Асқа тәбеті төмендеп, ұйқысы бұзылады. Аурудың қолтық, шап, желке және шүйде бездері күрт ұлғайып сала береді. Тезірек сауығуы аурудың дәрігерге көріну мерзіміне байланысты.

Туляремиядан алдын ала сақтану үшін кеміргіштердің шамадан тыс көбейіп кетуіне жол бермеу қажет. Үйді, қора-жайларды таза ұстап отыру керек. Оларды дезинфекциялап отыру қажет. Тамақ сақтайтын орынға кеміргіштердің кіріп кетпеуін қарастырған жөн. Жиналып қалған ескі шөп қалдықтары мен қоқысты өртеп тастаған дұрыс. Су ішетін құдықтар кеміргіштердің түсіп кетпеуі үшін мықты қақпақпен жабылуы тиіс. Кеміргіштердің ішінен туляремияның қоздырғыштары байқалған жағдайда жеті жасан жоғары адамдарға егу жұмыстарын жүргізген дұрыс. Өздерінің немқұрайлылығымен вакцинацияланбаған адамдар осы ауруды жұқтыру қаупіне ұшырайды.

Г. ОСПАНОВА,

Сарқан аудандық СЭББ-ның бас маманы.

А. ПЕТРОВ,

ҚРДСМ СЭБК Обаға қарсы күрес станциясы РММ-ның дәрігері.

Көктемгі жеке тұрғын үйлер ауласындағы өрт қауіпсіздігі

Көктемгі тазалық кезеңінің басталуына байланысты өрт және жану жағдайлары арта түседі. Бұл жеке үйлердің иелері ғимараттардың жанында қоқыс, былтырғы жапырақтар және құрғақ шөптерді өртеп, оларды қараусыз қалдыруынан орын алады.

Жазғы маусым үшін қоқыс тазалау және оны жағу көптеген зиян келтіру әдеттегі рәсім. Өкінішке орай, көптеген азаматтар, бақшасында немесе құрылыс маңында от жағып оны қараусыз тастап кетеді. Қараусыз қалған от лезде қора немесе үйге ауып үлкен өртке айналып кетуі мүмкін. Өрт қауіпсіздік шараларын сақтау өрттердің азаюының басты шарты. Ең біріншіден жағылған оттарды қараусыз қалдырмау, бақшалар мен үй маңайын ескі жапырақтар мен қоқыстан уақытылы тазалап отыру, сонымен қатар желді күні от жағуға тыйым салынады. Қоқыстарды үйлер мен ғимараттар маңында жағуға тыйым салынады. Бұдан басқа, үй маңайында тез жанғыш және сұйық газы бар ыдыстарды сақтауға болмайды.

Құрғақ жапырақ пен қоқыстан болған өрт тұрғын үй мен құрылыстарға тез ауып, материалды шығын келтіріп, ең бастысы адам өліміне әкеліп соғуы мүмкін екенін ұмытпайық.

Р. АХМАРОВ,

Сарқан ауданының ТЖБ бас маманы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Туберкулез является чрезвычайно опасным заболеванием, которое раньше считалось неизлечимым ежегодно уносило жизни миллионов людей. На сегодняшний день мы врачи, убеждаем вас всех, что ТУБЕРКУЛЕЗ-излечим.

Именно поэтому так важно соблюдать все рекомендации врача фтизиатра, касающиеся профилактики туберкулеза как в детском, в подростковом так и во взрослом возрасте.

Профилактика туберкулеза в детском возрасте.

В настоящее время во всех странах и в т.ч. даже в цивилизованных европейских странах работают по ВОЗ программе и не отказались от вакцинации вакциной Бациллы Кальметта – Герена (БЦЖ). Наша республика Казахстан также придерживается этой программе, которая на сегодняшний день самая эффективная в борьбе с туберкулезом у детей раннего возраста. Профилактика туберкулеза у детей направлена на предотвращение инфицирования и предупреждение развития заболевания. В связи с введением обязательной вакцинации вакциной Бациллы Кальметта – Герена (БЦЖ).

В первые 1-4 дня жизни новорожденному в роддоме, ревакцинацией БЦЖ в школах в возрасте 6 лет (1 класс) и наличием ряда эффективных противотуберкулезных химиопрепаратов.

Люди способны контролировать это заболевание.

Эти мероприятия проводятся в соответствии с Национальным календарем профилактических прививок вакцинации.

Вакцина Бацилла Кальметта – Герена (БЦЖ) является ослабленным штаммом микобактерий, которые в достаточной мере иммуногены, но у здоровых детей не обуславливают инфицирование. Многие родители ошибаются, думая, что ребенок от вакцинации заболевает или какие-то реакции появляются.

К вакцинации существуют абсолют-

ные и относительные противопоказания. Перед проведением вакцинации вакциной Бациллы Кальметта – Герена (БЦЖ) обязательно обсуждается этот вопрос с участковым педиатром и после личного осмотра, врач дает допуск- разрешение на вакцинацию.

Вакцина Бациллы Кальметта – Герена (БЦЖ) вводится внутривакцино, в результате организм ребенка вырабатывает специ-

За жизнь без туберкулеза



фический иммунитет против микобактерий туберкулеза.

Прививки способствуют снижению инфицированности и заболеваемости детей, предупреждают развитие острых и генерализованных форм туберкулеза. Это означает, что привитой ребенок с хорошим поствакцинальным иммунитетом при встрече с микобактериями либо не инфицируется вовсе, либо перенесет инфекцию в легкой форме.

Именно поэтому, для контроля состояния противотуберкулезного иммунитета и выявления момента первичного инфицирования детям проводят реакцию Манту,

а также новая проба называется Аллерген туберкулезный рекомбинантный (Диаскинтест).

Проба Манту, Аллерген туберкулезный рекомбинантный (Диаскинтест) основана на внутрикожном введении малых доз туберкулина с последующей оценкой аллергической реакции, возникшей на коже в месте введения. Туберкулин является продуктом жизнедеятельности

микобактерий. Следует подчеркнуть, что проба Манту, Аллерген туберкулезный рекомбинантный (Диаскинтест) являются безвредными. Препараты не содержат живых микроорганизмов и в применяемой дозировке не влияют на иммунную систему организма, ни на весь организм в целом. После введения препарата в кожу возникает специфическое воспаление, вызванное инфильтрацией кожи Т-лимфоцитами это специфические клетки крови, ответственные за клеточный иммунитет.

Если организм к моменту постановки проб уже «познакомился» с микобактериями туберкулеза, то воспалительные явления в месте введения будут интенсивнее и реакция Манту, Аллерген туберкулезный рекомбинантный (Диаскинтест) будут оценены врачом как положительная реакция.

При подозрении на инфицирование микобактериями детей направляют в туберкулезный диспансер, где проводят дополнительные обследования и в случае подтверждения инфицирования назна-

аывают лечение. Дело в том, что инфицирование микобактериями далеко не во всех случаях означает заболевание. С возрастом практически каждый человек становится инфицированным микобактериями и имеет к ней иммунитет. Хороший иммунитет позволяет ограничить инфекцию и не допустить развитие заболевания. Напротив, в условиях ослабленного организма, тяжелых заболеваний, иммунодефицитных состояний при инфицировании микобактериями развивается туберкулез.

Первичное инфицирование в детском возрасте более вероятно может привести к туберкулезу.

Чтобы помочь организму справиться с этой инфекцией и не допустить развитие туберкулезного заболевания, необходимо при обнаружении первичного инфицирования строго соблюдать все рекомендации врача фтизиопедиатра. Назначается ребенку, курс профилактического лечения одним химиопрепаратом. Через год при отсутствии признаков туберкулеза ребенок снимается с диспансерного учета у фтизиопедиатра.

Самый уязвимый контингент, это подростки 15-18 лет. Само слово «подросток», говорит о том, что идет бурное развитие организма за счет гормонов. Этим детям ежегодно проводится флюорографическое обследование грудной клетки, где выявляют на ранней стадии локальную форму туберкулеза.

Обращаемся ко всему населению давайте бережем молодое поколение, побережем свое здоровье от заболевания туберкулезом.

Здоровье дается один раз и нигде его не купишь.

А. НУРМУҚАШ,

ҚР АШМ ВБжҚК Сарқан аудандық аумақтық инспекциясының бас маманы.

Здоровье дается один раз и нигде его не купишь.

Здоровье дается один раз и нигде его не купишь.

Здоровье дается один раз и нигде его не купишь.

Здоровье дается один раз и нигде его не купишь.

Здоровье дается один раз и нигде его не купишь.

Здоровье дается один раз и нигде его не купишь.

Р.АЛИЕВА,

врач фтизиопедиатр высшей категории ГКП на ПХВ «Сарканская районная больница».

ДЕСТРУКТИВТІ ДІНИ АҒЫМДАР: тарихы, танымы, қателіктері

Әрбір халықтың басынан өткерген тарихи тағдыр кешулері бар. Халық осы тарихи үрдістердің негізінде қалыптасқан дәстүрлі құндылықтармен астасып-қойындасып өмір сүреді. Салт-дәстүр ұлттың бір мәдени қабаты ғана емес, сол халықтың төлқұжаты іспетті. Яғни, халық үшін оның салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпы басты құндылықтардың бірі саналады. Сол үшін де халықтың дәстүрлі жүйесін күшпен өзгерту былай тұрсын, негізсіз сынауға да болмайды. Салт-дәстүр және ұлттың басқа да құндылықтары тек табиғи жолмен ғана трансформацияланады.

Біз дәстүрлі құндылықтарды терістейтін өктем іс-әрекеттерге деңгейіне қарай деструктивті, яки болмаса экстремистік не террорлық деп сипаттама беріп жатамыз. Соңғы кезде осы теріс сипаттамаларға діннің аты қосақталатын үрдіс пайда болды. Яғни, «деструктивті дін», «діни экстремизм», «діни терроризм» деген атаулардан көз сүрініп, құлақ тұнатын жағдайға жеттік. Олай болса, алдымен «деструктивті діни ағым», «діни экстремизм», «діни терроризм» ұғымдарының бір-бірінен қандай ерекшелігі бар екенін ажыратып алсақ.

Діни экстремизм деп діни дұшпандылық пен жек көрушілікті қоздыру мақсатымен мемлекеттің аумақтық біртұтастығы мен тәуелсіздігін бұзу және мемлекеттік құрылысты күшпен өзгерту мен билікті күшпен басып алуға үгіттейтін дінге негізделген немесе діни элементтерді қамтыған қауіпті іс-әрекетті айтамыз. Діни терроризм деп – дін атын жамылып жарылыс жасау, өрт қою немесе адамдарды қазаға ұшырату, елеулі мүлктік залал келтіру, қоғамға қауіпті өзге де зардаптарды тудыру, қоғамдық қауіпсіздікті бұзу, халықты үрейлендіру, мемлекеттік органдардың, шет мемлекеттің немесе халықаралық ұйымның шешімдер қабылдауына ықпал ету, соғысқа арандату не халықаралық қарым-қатынастарды шиеленістіру және т.б. діни элементке негізделген содырлық іс-әрекеттерді айтамыз. Ал, деструктивті діни ағымдар деп – қоғамда қалыптасқан дәстүрлі жүйеге дін атын жамылып, қауіп төндіретін, негізсіз терістейтін, жоққа шығаратын, дін атына сай емес мұрат-мақсаттарда іс-әрекеттер жасап, заңсыз немесе заңның тиімді тұстарын әртүрлі қитұрқы әдіс-тәсілдермен өз мүддесіне барынша пайдаланатын бірлестіктерді айтамыз. Еліміздегі исламдық бағыттағы деструктивті ағымдарға негізінен салафилік идеямен қаруланған діни топтар жатады. Салафилік діни ағымдардың идеясы бір болғанымен, үгіт-насихат алаңындағы әдіс-тәсілдері әртүрлі және олар жағымсыз салдарларының басымдығымен ерекшеленеді. Әсіресе, болашағымыз саналатын жас буын өкілдерінің салафизммен улануы еліміз үшін бұл мәселенің салдарының ауыр болатынын көрсетеді.

Бүгінгі күннің бет алысына қарай мың құбылатын деструктивті діни ағымдармен біз ымырасыз күресуге тиістіміз. Өйткені, деструктивті діни ағым өкілдері жоққа шығарғысы келген дәстүрлі құндылықтарымыз ұлтымыздың қаны мен жаны болып есептеледі. Яғни, ұлтымыз тірі болсын десек дәстүрлі құндылықтарымызды көзіміздің қарашығындай сақтауымыз керек.

Д. САҒЫНҒАЛИ,
аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы.

Шыншыл болам, әділ болам мен балаң

Қарауылтөбе орта мектебінің 3-сынып оқушысы **Шәріпқали Нұрәлі Берікқалиұлы** оқу оза-ты, алғыр, зейінді оқушы. Әдебиеттік оқу сабағын сүйіп оқиды. Мәнерлеп оқу жарыстарының жүлдегері. Бос уақытында өлең шығарумен айналысады. Мұғалімі **Эльмира Рахим-бергенқызының** үкілеген үміті.



бұл әлемде.
Жігіттің сұлтаны ғой
менің әкем,
Мақтанамын өзіммен
жаным әкем.

Наурыз

Алтыбақан үстінде,
Екі бала жүр екен,
Наурыз көже дайындап,
Аналар да жүр екен.

Екі балуан арқанды,
Кезек-кезек тартады,
Аталар да келгенге,
Бата беріп жатады.
Қыздар жүрер майысып,
Қымыз құяр, жарысып.
Дастарханға қойылды,
Наурызкөже, құрт-майы.
Ауыл түгел жиналды,
Өз-Наурызым тойланды.

Аяулы анашым

Асыл анам,
Ғажап анам, жан анам!
Өзіңнен асқан
асыл жан бар ма, маған,
Анамның жүрегіне мұң салмай,
Шыншыл болам,
әділ болам мен балаң...

Асқар тау әкешім

Асқар тау әкешім,
Сізден асқан адам бар ма



Сен туған күн, мерекеңмен!

Қарабөгет ауылының тұрғыны, әл Фараби атындағы орта мектебінде жас ұрпаққа саналы тәрбие мен білім берген анамыз **Ақанова Шарбану Сақажанқызын** 6 сәуір күні 70 жасқа толатын мерейтойымен құттықтаймыз. Ұзақ жылдар аталған білім ордасында шәкірт тәрбиелеп, білімнің биік белестеріне қол жеткізген анамызға жарқын да мағыналы өмір, көтеріңкі де кіршіксіз көңіл, деннің саулығын, өкемізбен бірге қызыққа толы ғұмыр кешуін тілейміз.

Сіз біздің Күнімізсіз жарқыраған,
Анадан қуат алған жарты ғалам.
Құны мен қасиеті тозбайтұғын,
Біз үшін Ана деген алтын адам.

Ізгі тілекпен: жұбайы Секен, ұл-келіні Нұрлан-Самал, немерелері, кенже ұлы Думан және барша ағайын-туыстары.

Шатырбай ауылының тұрғыны, аяулы әпкеміз **Тойшыманова Төлеутай Көкенайқызын** наурыздың жиырма алтыншы жұлдызында өткен туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Ащысы мен тәттісі бірге жүретін өмірдің тәтті тұстарын көп сезініп, балаларыңыз аман болып, немерелеріңіздің қызығы мен шөберенің тәтті қылықтарына тоймай, жүзіңіз бал-бұл жанып жүре беріңіз. Көзіңіздегі жас тек қуаныштың жасы болсын! Денсаулығыңыз мықты болып, жүз жасаңыз! Аспаныңыз ашық болып, көңіліңіз жаздай, жаныңыз көктемдей гүл жайнап құлпыра беріңіз! Сізге бар жақсылықты тілейміз.

Ақ айдыңға салып бақыт кемесін,
Жарқын жүзбен қуанышпен келесін.
Құтты болсын туған күніңіз, Өпкетай,
Өзіңізді бір құдайым демесін.
Бәйтерексіз жапырағы жайқалған,
Барша жұртқа жақсылығың байқалған.
Тілек білдіруші: Нахановтар әулеті.



Есен болсын ұрпағыңыз көрінген,
Ән қалықтап, күй төгілсін төріңнен.
Бақ орнасын әрдайым басыңызға,
Жас қосылсын, Өпкетай, жасыңызға.
Отбасына қуаныш сыйлап талай,
Амандықпен жетіңіз жүзге қарай!

Сауап еселенген ай

Қасиетті Рамазан айы-ауызды жаман сөздерден, ғайбаттан тыйса, көзді арамға қараудан, құлақты арам нәрселерді естуден тыйады. Бұл айда үлкенді-кішілі жақсылық жасаған адам басқа айларда бір парызды орындағандай сауап алады. Кім ораза тұтқан мүмінге ауыз аштырса - жасаған бұл ісі күнәларының кешірілуіне және тозақтан құтылуына себеп болады. Ең бастысы адамның қас дұшпаны болған нәпсіні тазартып, Раббысына жақындай түседі. Себебі адам үшін ең ұлы күрес-ол нәпсімен болатын күрес екенін Алла елшісі (Оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) ескертіп кеткен еді.

Біздің Қарабөгет ауылында иманжүзді, елге жақсылық жасауға жаны құмар азаматтар бар. Ораза айының әр қасиетті жұмасында Сарқанға, Талдықорғанға тегін жолаушылар тасымалдайтын азаматтар бар. Кәсіби автожүргізушілер Мансұр Рүстембекұлы, Аман Мырзабайұлы, Назарбек Каналбекұлы бастаған Төретай, Белмұрат, Серіктай, Ерлан, Санат, Арсен, Саят тағы басқа ауыл тұрғындары осындай игілікті шараларды атқарып, жолаушыларға тегін қызмет көрсетті. Осы игілікті істі ауыл таксистері 2024 жылдан бері атқарып келеді.

Біздің халқымыз ауыз бекіткен адамды айрықша қадірлеп, оған ауызашар беріп, құрмет көрсеткен. Ауызашар ауыл адамдарының береке-бірлігін көрсететін сауапты іс. Ауылдағы 8 көше тұрғындары, мектеп ұжымы ауызашарды қатымханада берді.

Байжан СЕЙІТҚҰЛОВ.
Қарабөгет ауылы.

Хабарландыру/Объявление

► **Какенова Майгульдің** атына тіркелген Сарқан ауданы, Бақалы ауылдық округі, Арын көшесі № 32 үйдің (кадастрлық нөмірі 03-263-004-617) уақытша (ұзақ мерзімді, қысқа мерзімді) өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► Жекеше нотариус Алиева Асем Избасаровна тарапынан **Введенский Георгий Валентиновичтің** атына мұрагерлік іс ашылғандығы туралы хабарлаймыз.